Электронды коммерцияны дамыту тауарлар мен қызметтер ассортиментін дамытады, оларды қолжетімді етеді, сонымен қатар өз тауарларымызды әлемдік нарықта сатуға, сатып алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қызмет көрсету саласындағы басты артықшылықтары:

- Уақытты үнемдеу.
- Білім беру саласында қызметтер сапасын арттыру.
- Денсаулық сақтау саласында қызметтер сапасын арттыру.
- Халықтың өмір сапасын арттыру.

«Ақылды қалалар» технологиялары азаматтардың өздерін қауіпсіз сезінуге, жайлылықта өмір сүруге және смартфондағы қосымшалар арқылы өзіне қажетті ақпаратты жылдам әрі оңай алуға көмектеседі.

Мемлекеттік басқару тиімділігін қамтамасыз ету. Цифрлік технологияларды пайдалану мемлекет пен қоғам арасында келесі сұраныстарды қанағаттандыруға бағытталған: тиімділік, ашықтық, кәсібилік, экономика саласын цифрландыруды қарастырайық.

Бұл бағыт өз кезегінде 5 міндеттен тұрады:

- Өнеркәсіп және электрэнергетикасын цифрландыру;
- Көлік және логистиканы цифрландыру;
- Ауыл шаруашылығын цифрландыру, электронды сауданы дамыту;
- Қаржылық технологияларды және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу.
- Навигациялық жүйелер – жаңа құралдар пайда болып, ең ұтымды бағыттарды таңдау мүмкіндігі туындады.

Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамын жейміз.[2, 216].

Жастардың қолынан барлығы келеді. Сондықтанда мемлекетіміз ұлтжанды, білімді жастары болып, елдердің көш басында жүгіміз келсе, уақытымызды қажетсіз қалта телефонына қарауға салмай, маңызды істерге жұмылдыруымыз қажет. Заман көшінен қалмай, алға қарай ұмтылу жауапкершілігін сезуіміз керек. Дегенмен, Елбасымыздың биылғы Жолдауындағы «Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс» делінген бір міндетінде көрсеткендей, жаңа технологияларды енгізу бұл экономикамыздың

қарыштап дамуына жол ашатыны сөзсіз. Тәуелсіздігіміздің 27 жылында еліміздің қарқынды дамуы осы заманауи технологияның үздіксіз дамуынан. Жаһандану кезеңінде бұл жастардың озық техниканы, электрониканы меңгере отырып, Елбасы айтқандай, жасқанбай алға ұмтылуға сенім береді. Оған қажырлы еңбек, үлкен құлшыныс керек.

Осы мақсаттарды іске асыру үшін бейінделген заңнама, бизнесті, білім мен ғылымды қолдау шаралары, бизнесті жүргізу рәсімдерін жеңілдету, мемлекетпен өзара әрекеттесу кезінде транзакциялық шығындарды қысқарту түрінде қолдау инфрақұрылымы жасалынатын болады.

Электрондық үкімет - Мемлекет ақпараттандырудың алдыңғы кезеңінде мемлекеттік қызметтерді көрсетуге араласатын мемлекеттік органдардың базалық инфрақұрылымы мен ақпараттық жүйелері түрінде Қазақстан Республикасының «Электрондық Үкіметін» құрды. 2017 жылдың шілдесінде 740-тан астам қызмет пен сервис электрондық нысанға көшірілді, 83 мобильдік қызмет іске асырылды.

Білім беру жүйесіндегі Цифрлы Қазақстан: мәселелер, даму болашағы қандай деген сұраққа келсек, адамзат тарихы түрлі даму сатыларынан өтіп бүгінгі күнге жетті, қазіргі таңда өркендеген жаңа өндірістік төңкеріс дәуірінде өмір сүреміз. Жан-жағымызға қарасақ, бірінен-бірі асып түсуге ұмтылған елдерді көреміз, цифрлы технологиялар әлемінде күнделікті сұраныста болмасаң, дамыған елдер көлеңкесінде қалатының анық, сондықтан бәсекелестік бүгінгі күннің негізгі мәселесіне айналды.

2017 жылдың қыркүйегінде тіркелген бірегей пайдаланушылардың саны 6,6 миллион адамнан асты, 349 халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Электрондық үкіметтің веб-порталында Ашық үкімет алаңы құрылды, «ашық деректер» порталында 2376 деректер жиынтығы орналыстырылды, 17 132 нормативтік құқықтық актілер жобалары мен заң жобаларының тұжырымдамалары талқыланды, 14 928 бюджеттік құжат жарияланды.

Біріншіден – барлық қоғам мен азаматтардың бірегей мықты жалпықазақстандық азаматтық қоғам орнату мұратына жетуіміз керек деген айнымас мақсат жолында жұмылуы және осы идеяны саналы сезінуі.

Екіншіден, жалпықазақстандық азаматтық қоғамды ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік тілге деген құрмет негізінде құру.

Үшіншіден, жалпы қазақстандық азаматтық қоғамды құруда интеллектуалды әлеуеті жоғары жас ұрпақты тәрбилеу және соған жағдай туғызу мәселелері.

Төртіншіден, жалпы қазақстандық азаматтық қоғамның «Мәңгілік ел» аталатын өркениеттік құбылысқа ұласуы үшін мемлекеттік тілде ұлт мүддесіне қызмет ететін төл философиялық жүйені қалыптастыру міндеті.

Сонымен біз бүгінгі таңда мемлекетіміздің әлемдік қауымдастыққа еңсесін тік ұстап барып қосылғанын және осы қауымдастықта мәртебесінің күн санап өсіп келе жатқанын мақтан етеміз.

Әлем өзгерісте. Өмір өзгеруде. Бүгінгі тарихи уақыт пен әлеуметтік кеңістік тек өзгергіштігімен ғана емес, ал динамизмімен, интенсивтігімен, қарама-қайшылығымен, түрлі-түсті мозаикалығымен және толып жатқан басқа сипаттарымен де ерекшеленеді. Бүгінгі болмыстың шындығына сай болып, оны тану, бейнелеу, түсіну, тіпті оны өзгерту үшін мемлекетіміздің даму философиясы мен халқымыздың дүниетанымы осы күрделі дүниенің қадамына сәйкес икемді және қарқынды болуы керек. Әлемдегі бүгінгі Қазақстанның табыстарға жетуінің қайнар көзі – халқымыздың жаңаша пайымдауын, дүниеге жаңа көзқарастарын қалыптастыру. Ескі стереотиптерді, ескіше ойлау шаблондарын өзгертпей жаңа рухани дамыған Қазақстан құру мүмкін емес. Сондықтан жаңа қоршаған ақиқатқа, жаңа қоғамға лайықты Қазақстан халқын қалыптастыру, мемлекеттік бағдарламаларды халыққа жеткізу және талқылау. Бәсекелестік тек өзге елдерде қалыптасқан үдеріс емес, қазіргі таңда Қазақстанда да белең алып қалыптасқан.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері, 1991 жылдан 2018 жылға дейін тұп-тура 27 жыл өтті. Осындай аз уақытқа қарамастан, еліміз дамыған 50 елдің қатарына еніп, ендігі кезекте дамыған 30 елдің қатарына кіруді мақсат етіп отыр. Мақсатқа жету жолында елбасымыз жыл сайын жолдаулар жолдап, газет-журнал беттеріндегі мақалаларында елімізге мақсатқа жету жолындағы бағыттарымызды айқындап береді. **Елбасымыз** ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы 1-бөлімінде негізгі 6 бағытты ұсынады. Оның ішінде ең негізгі бағыт-бәсекелестік. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатыны баршамызға мәлім. Елбасымыз «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін»- дегендей, болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы

керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында [3,146].

#### ӘДЕБИЕТ

1 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017. 12 сәуір.

2 Назарбаев Н. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамуыдың жаңа мүмкіндіктері // Экономика. 2018. 11 қаңтар. №2 (540).

3 Назарбаев Н. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.

#### ПРОГРАММА «ЦИФРОВОЙ КАЗАХСТАН» И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПОЛИТИКЕ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА

Джекебаева М.А.<sup>1</sup>, Досжанова А.И.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.филос.н., доцент

КазУМОиМЯ имени Абылай хана,

<sup>2</sup>ст.преп., магистрКазУМОиМЯ имени Абылай хана,  
Алматы, Казахстан

В статье авторы анализируют роль прогрессивного роста развития современных технологий и их значимость в жизни молодежи на основе Послания Первого Президента. Программы «Цифровой Казахстан», «Трехязычное образование», «Культурное и межконфессиональное согласие» – залог и обеспечение будущего научно-информированного поколения XXI века.

В статье дается разностороннее описание 4 основных направлений программы «Цифровой Казахстан», и также 5 направлений для осуществления этой программы (Цифровизация экономических отраслей, переход к Цифровому государству, осуществление программ «Цифровой Шелковый путь», «Развитие человеческого капитала», «Формирование инновационной экосистемы»). Оцениваются признаки новых возможностей и идей современных технологий в обществе, науке, аграрной промышленности, медицине.

**Ключевые слова:** Техника, молодежь, интернет, смартфон, планшет, компьютер, глобализация.

*Статья поступила 22.09.2019*

**II Бөлім. АЙМАҚТАНУ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР**  
**Раздел II. ИССЛЕДОВАНИЯ ПО РЕГИОНОВЕДЕНИЮ**  
**II Part. REGIONAL STUDIES RESEARCH**

---

**THE SPIRITUALS VALUES OF THE GREAT STEPPE COUNTRY**

**Nurmuratov S.E.<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Deputy Director of the Institute  
Philosophy, Political Science, Religious Studies KN MON RK  
Almaty, Kazakhstan

It is analyzed in the scientific article the specific features of medieval Turkic spiritual world. The priorities in spiritual values of Turkic East are showed on the example of Rabguzi creative works. It is revealed in the article the ontological basis of spirituality and is defined its meaning for development of human individuality.

**Key words:** spirituality, spirituals values, Great Steppe

ӘӨЖ 327.33

ҒТАМІІ 02.51

**ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

**Нұрмұратов С.Е.<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>филос.ғ.д., профессор  
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институты директорының орынбасары,  
Алматы, Қазақстан Республикасы, s.nurmuratov@mail.ru

Ғылыми мақалада ежелгі түркілік рухани кеңістіктен қазіргі тарихи кезеңге дейінгі халықтың әлемді рухани құндылықтарының өзіндік ерекшеліктері ғылыми талдаудан өткізілді. Ұлы Даланың рухани тәжірибесі мысалында түркілік Шығыстың және қазақи болмыстың басымдық танытатын рухани құндылықтары көрсетілген. Жұмыста руханилықтың терең онтологиялық негіздері айқындалған және оның адам даралылығын қалыптастырудағы терең маңызы анықталған.

**Тірек сөздер:** адам, әлем, болмыс, қоғам, құндылықтар, руханилық.

Кез келген елдің мәдениетінің тарихи қалыптасуы барысында әмбебап және жүйелі сипаттағы құбылыстар көрініс береді. Оның рухани әлемінің жаңғыруы, кешенді түрде өзгеруі – зайырлы мемлекеттің пәрменді дамуының негізі. Ол негізінен кезеңдеп, эволюциялық жолмен жүзеге асуы тиіс. «Қазіргі таңда елімізде қолға алынып, жүргізіліп жатқан әлеуметтік, экономикалық және саяси реформалардың бағыты руханияттың эволюциясымен сәйкес келеді ме, әлде алшақтық байқала ма?» деген сауал туындайды. Жалпы рухани жаңғырудың маңызды бөлігі – еліміздің егемендікпен дамып отырған үдерістерінен туындайтын оның рухани, идеологиялық және



дүниетанымдық негіздері екені анық. Бұл жерде қоғамдағы түбегейлі өзгерістер бағытында қауымдастыққа пәрменді қадамдар жасауға «Қара сөздерде» айтылған ұлы Абайдың даналық ойлары бізге идеялық, дүниетанымдық бағдар болар еді [1].

Рухани кемелдену сиқырдың көмегімен орындалатын нәрсе емес. Ол адамдардың жасампаздығының, оңды белсенділігінің нәтижесі. Жекелеген азаматтардың талпынысы қоғамдағы рухани тулеуге, рухани дамуға аздық етеді. Бұқаралық санадағы қозғалыстар өте маңызды. Сондықтан әлеуметте орын алатын әлеуметтік психологиялық таптаурындарды үнемі бұқаралық сана деңгейінде жеңіп отыру да маңызды екенін атап өту керек [2].

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласының негізгі тұжырымдамасының өзіндік жалғасы болып табылатын, өткен жылы жарық көрген соңғы мақаласы «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталып, халық мәдениетінің сан түрлі бағытта өрбігенін көрсетеді. «Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес», – деп ол орынды тұжырымдайды [3].

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі рухани жаңғыруына байланысты философиялық рефлексия бізді өткеннің құндылықтық-мағыналық бастауларына жетелеп қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі дүние мен болашақ туралы ойлануға мәжбүрлейді. Еліміздің рухани жаңғыруының жолдары мен механизмдерін іздену жағдайында біздің философиялық-зияткерлік өткеніміз бен қоғамдық сананың қазіргі нақты дүниесімен сабақтастығы мен байланысы өзекті және стратегиялық маңызды.

Біздің еліміздің зияткерлік күшімен өткен жылдары қазақ халқының руханиятының қалыптасуы мен дамуының тарихи-философиялық және этномәдени аспектілерін тереңдете зерделеу жүзеге асырылды [4], сонымен қатар қазақ философиясының тарихына арналған іргелі жұмыстардың бірегей бес томдық топтамасы жасалды (2012-2017жж.) [5]. Жоғарыда аталған іргелі зерттеулерде мәдениет аралық қазақ философиясының қалыптасуы мен дамуы мәселесі бойынша телриялық және әдіснамалық әзірлемелер біртұтастанған сипатта жүйелендірілді. Осы дерек ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі қазақ философиялық ойының тарихының өзекті мәселелерін зерттеу мен зерделеудегі елеулі оқиға болып табылады. Сондықтан, жоба орындаушыларының бұл ғылыми әзірлемелері қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруы мәселесі деңгейіне шығатын қазақ философиясының тарихын жүйелі және инновациялық тұрғыда әрі

қарай қарастыру үшін нақты негіздеме болады.

Тәуелсіздіктің соңғы жылдарында ұлттық философиясы шын мәнінде елдің рухани қайта өрлеуінің көрінісіне айналды. «Мәдени мұра» (2004-2011 жж.) мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Қазақ халқының философиялық мұрасына» арналған 20 томдық топтама дайындалып, баспадан жарық көрді [6]. Сонымен қатар, қазақстандық философтардың еңбектерінде, әсіресе М.С.Орынбековтің «Предфилософия протоказахов» [7], Ә.Н.Нысанбаевтың «Қазақстандағы ислам философиясының қалыптасуы» [8], О.А.Сегізбаевтың «История казахской философии: От первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия» [9], Ғ.Есімнің «Хакім Абай» [10] және «Шәкәрім даналығы» [11], Ж.М.Әбділдиннің «Казахская общественная мысль – часть духовной истории мира» [12], Т.Бурбаевтың «Ұлт менталитеті» [13] және Г.Г. Барлыбаеваның «Эволюция этических идей в казахской философии» [14] еңбектерінде алдыңғы қатардағы және белгілі әлемдік философиялық жүйелермен үндес келетін ұлттық философияның ерекше еуразиялық қырлары мен тамырлары бар екендігі көрсетілген. Сонымен, ұлттық философияның тарихы халық руханиятының имманентті тарихы болып табылатындығын тұжырымдауға болады.

Ұлттық мәдениетімізге қатысты қоғамдағы стратегиялық идеяларды насихаттауға арналған мемлекетіміздің әртүрлі аймақтарында орталықтар ашылды, осы бағытта жүйелі жұмыстар бұрын да атқарылып келгенін атап өткен жөн. Міне, осы географиялық және мәдени мағынадағы Еуразиялық кеңістіктегі бүкіл дүниені тереңдеп түсіну мен рухани игеру өте жақын ұғымдар болып табылады. Жалпы Шығыс халықтарының, оның ішінде түркілік сипаттағы философиялық ойды, яғни философия тарихына қазіргі заман тұрғысынан көз жібере отырып, оның тарихи сабақтастық пен мұралау принциптеріне сүйенетін негізгі бағдарын айқындай аламыз. Өйткені дәстүрді барынша қастерлеген өткен тарихымызда әрбір рухани мәнділігі бар құбылысты қадірлеу, оны барынша объективті түрде пайымдау, халықтың болашағына сәйкес келетін парықта зерделеу белең алып келгеніне тәнтіміз. Осы тұрғыдан алғанда тарихта көрнекті орны бар өркениетімізге, тарихи тұлғаларымызға объективті қатынасымызды тереңнен орнатудың уақыты жетті.

Өз тарихымызды биік деңгейде құрметтеуді қазірден бастап дұрыстап үйренбесек, өткен тарихи процестердегі қордаланған рухани байлық тиісті бағасын алудан алыстап кетуі де мүмкін. Міне, осы қауіпті сейілту үшін қазіргі кезеңде ұлттық мәдени мұраларымызды

жинақтауға және оларды жан-жақты философиялық зерделеуден өткізуімізге мүмкіндік ашылды. Орхон жазбаларының мәтінімен, Қорқыт ата кітабының мазмұнымен, «Оғызнама», «Махаббатнама», «Кодекс куманикус» сияқты туындылардың жалпы сипатымен тереңірек таныса отырып, сонымен қатар түркі әлеміне әйгілі болған Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Рабғузи, Құтып, Хұсам Кәтиб, Сәйф Сарай, Ахмет Иүгінеки және Қожа Ахмет Ясауи есімдерін әйгілей түсіп түркілік ортағасырлық дүниетанымның аясында туындаған даналық үлгілердің маңыздылығы зор екеніне көзіміз жетті.

Ал осы рухани мұраны игерудің жас ұрпақ үшін орны жылдар өткен сайын ұлғая түсетіні белгілі. Бұл іс-әрекеттердің оң нәтижелері еліміздің келешегінде байқала түсері анық. Өркениеттер қаншама дүние өзгерсе де, әртүрлі саяси режимдер орнын ауыстырса да нағыз рухани тереңдігі бар дүниелер өз күшін әлеумет үшін, руханият үшін сақтай алатынына сенімдіміз. Себебі әрбір халықтың тарихын тұтастандырып тұратын рухани күштер болады. Міне, сол күштердің біршамасы адамзат тарихында түркі даласында қалыптасқанын атап өте аламыз.

1. Түркі тілді халықтар Еуразиялық кеңістікте өмір сүрген тарихи кезеңде түркілік көшпенділер қауымдастығында мұсылмандық дүниетанымның бірте-бірте іргетасы нығая түскені белгілі. Сондықтан ойшылдардың дүниетанымдық жүйелерінде түркілік әлемді түсінудің үлгілерімен қатар ислам алып келген діни көзқарастың қағидалары тоғысады. Дегенмен, түркі ойшылдарының басымдық танытатын философиялық ойының бастапқы бағдары халықтың тарихи діліндегі этикалық негіздерге арқа сүйейді деген пікірді шешімді түрде айта аламыз.

2. Түркілік ортағасырлардағы ойшылдардың дүниеге көзқарасын, өмір салтын ерекше рухани болмысқа, шығыстық практикаға жатқызуға болады. Рухани құндылықтардың ортағасырлық түркілік этникалық кеңістікке кеңірек таралуына жоғарыда келтірілген данағөй ойшылдар адал еңбек еткенін байқаймыз. Олар өздерінің ағартушылық бағдардағы ілімдерін білімділік, қайырымдылық идеяларына арқа сүйей отырып қалыптастыруға тырысады. Түркі ойшылдарының рухани құндылықтар әлемінде біліммен қоса әділеттілік, сабырлылық, адалдылық, қанағатшылдық сияқты адами дамудың іргелі негіздері мен руханилықтың озық үлгілерін байқаймыз.

3. Ойшылдар дүниетанымы терең экзистенциалді сипатта көрініс береді және олардың негізінен көтерген мәселелері жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, тіршіліктің өтпелі қасиеттерін түсіну төңірегіне топтасқан. Адам кәдуілгі өміріндегі өтпелі шақтар көбінесе

о дүниедегі мәңгі рухтық өмірге жалғасатынына сенімді. Бірақ осы дүниенің әрбір күнін босқа өткізбей, адам жақсылық жасаумен айналысып, тіршілікте Ақиқатқа қарай ұмтылу қажеттігін даналар әрбір пендеге ескертуге ұмтылады.

Сонымен түркі даласының ойшылдарының дүниетанымындағы ұқсас келетін тұстарды іздесек, онда этикалық қалыптардың, принциптердің бәріне де іргетас болғанын және гуманистік құндылықтардың басымдық танытқанын атап өте аламыз. Міне, сондықтан сонау түркі әлемінде қалыптасқан дүниелер мәдени, рухани сабақтастық арқылы қазіргі заманға дейін жетіп отырғаны байқалады. Соны жете игеру және дамыту философиялық ізденістер тұрғысынан тоқталмауы тиіс.

Адамның табиғатын түсінудің өзі бір керемет дүние екенін түркі дәуірінің ойшылдары жақсы түсінгенге ұқсайды. Ал адамның бойындағы нәпсіге, яғни табиғи қажеттіліктерге, инстинктік құрылымдарға қарай бейімділік белгілі бір қалыптан артып кеткен жағдайда ол өзімшілдіктің тұрпайы кейпіне енеді. Адам табиғи мүдделерін қанағаттандыру мақсатын жүзеге асыру жолында жүріп рухани құлдыраудың сүрлеуіне қалай түсіп кеткенін байқамайды. Сөйтіп, ол өзінің іс-әрекеттерінің өзгеге де, өзіне де жамандық әкелгенін соңынан ғана сезеді.

Түркі және қазақ ойшылдары сан ғасырлар бойғы білдіріп келген даналықтың үлгілері өз замандастары ғана емес, өзінен кейінгі талай ұрпаққа нағыз адамгершіліктің сипаты іспетті болғанына күмәнданбаймыз және оның философиялық мәнін аша түсуге үлес қосқанда жөнді іс деп есептейміз. Өйткені, талай даналық пен руханилықтың үлгілері түркілік тарихымыздың және қазақтың өткен тарих жолдарының кейбір ашылмаған беттерінде жатуы мүмкін.

Әрине, Ұлы Дала ойшылдарының жарық көрмеген шығармалары жарыққа шығып, халқымыздың рухани дүниесін байыта түсе береріне сенімдіміз. Сол мақсаттағы табысты әрекеттер болашақ ғылыми зерттеулердің үлесінде. Бұл түркі тілді халықтардың тарихи зияткерлік күшін, руханиятын біріктіруіне тәуелді іс болып табылады. Бұл бірігуден әлем философиясы мен мәдениеті, тұтастай алғандағы адамзат руханияты игілігін көреді деген ойдамыз. Соңғы уақытта еліміздің саясаткерлері осы мәселені барынша өзектендіруде.

Соңғы уақытта шетелдерде бірнеше рет жарық көрген, студент жастары арасында кең тараған гуманитарлық салалардың оқулықтары қазақ тіліне аударылып жатыр. Қазірдің өзінде 100 оқулықты жартысына жуығы аударылып үлгерді. Ол оқулықтардың көтерген негізгі құндылықтары мен теориялық бағдарлары батыстық менталитеттен,

өмір сүру салтынан туындайды. Сондықтан оларды қабылдау кезегінде сыни електен өткізіп отыру да қажет. Мәселен, қазіргі заманның жетекші философтардың қатарындағы Жан Бодриардың өзі батыстық құндылықтардың қаншалықты прогрессивті екенін төмендегідей тұжырымдармен сипаттайды: «Демократия обладает бо́льшим запасом возможностей авторкоррекции, самоналадки. Но, сегодня, похоже, эти возможности истощились. Взять хотя бы систему народного представительства – посмотрите, во что превратилась в Америке. И у нас, во Франции, не лучше. Это не демократия, это издевательство. Права человека, свобода, декократия – все это превратилось в пародию. И очень мало шансов, что системы можно откорректировать»[15]. Сөйтіп, технологиялық, технократиялық дамудың бағдарларын, тұтынушы психологияның қажеттіктерін барлығынан жоғары алға қойған өркениетті елдер өздерінің базалық нұсқадағы рухани құндылықтарынан ажырай бастауда екенін мойындап отыр.

Виртуалды әлемнің құрсауындағы және оның құндылықтарын алға шығарған мәдениет өзінің түбегейлі рухани тіректерінен бірте-бірте айрылады. Жеке тұлға нақты күнделікті өмірде басқалармен өзара қарым-қатынастар, шығармашылықпен айналысуы арқылы толыққанды адам болып қалыптасады. Демек, қоғамның әр адамға қажетті деп аңсаған еркіндігі мен демократиялық ұстанымдары руханилықпен, тұлғалық жауапкершілікпен көмкеріліп отырылуы керек. Еркіндіктің нәтижесі тиімді болуы үшін азаматтар рухани дамуы жолында болып, өзінің руханият әлемін үнемі гүлдендіруге тырысуы шарт. Біздің еліміздегі ұлттық философиямыздың дамуы, мәдениетіміздің өрбуі осы рухани негіздерге арқа сүйенсе ғана өркениеттік болашағымыз жарқын болары анық.

#### ӘДЕБИЕТ

- 1 Құнанбаев А. Қара сөз. Поэмалары. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
- 2 Nurmuratov S. Ethnische stereotypen und die problem der ethnischen kulturen // Analysen zur philosophie und kultur in Kasachstan.- 2014. –S. 53 – 60.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры// Егемен Қазақстан. - 2018. - 21 қараша.
- 4 Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография/ З.К. Шәукенованың және С.Е.Нұрмұратовтың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 с.
- 5 Қазақ философиясының тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) /З.К. Шәукенова мен С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2016. – 392 с.

6 Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ ағартушыларының философиясы. Жиырма томдық. 10-том / Құрастырушылар Т.Х. Ғабитов, Г.Г. Барлыбаева. - Астана: Аударма, 2007. – 472 б.

7 Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. – Алматы: Өлке, 1994. – 208 с.

8 Нысанбаев А.Н. Становление исламской философии в Казахстане. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2000. – 67 с.

9 Сегизбаев О.А. История казахской философии. От первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия: Учебник для вузов. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с.

10 Есимов Г. Хаким Абай. – Алматы: Білім, 1995. – 192 с.

11 Есим Г. Мудрость Шакарима. – Алматы: Атамұра, 2008. – 344 с.

12 Абдильдин Ж.М. Казахская общественная мысль – часть духовной истории мира // Байтерек. – 2008. - № 5. – С. 35–41.

13 Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана: Елорда, 2001. – 248 б.

14 Барлыбаева Г.Г. Эволюция этических идей в казахской философии. – Алматы: К-ИЦ ИФП КН МОН РК, 2011. – 216 с.

15 Архангельская Н. Меланхолический Ницше (интервью с Жаном Бодрийром) // Спектр развития. - 2002. - № 2. (4). – С.4.

## ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ СТРАНЫ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

**Нурмуратов С.Е.<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>заместитель директора института  
философии, политологии, религиоведении КН МОН РК  
Алматы, Казахстанs.nurmuratov@mail.ru

В научном докладе проанализированы некоторые глубинные особенности средневекового тюркского духовного освоения мира. На примере творчества великих Восточных мыслителей показаны приоритетные духовные ценности тюркского мира. В работе выявлено онтологическое основание духовности и определено ее значение для развития человеческой индивидуальности.

**Ключевые слова:** ценности, духовные ценности, Великая степь.

*Статья поступила 11.09.2019*

## REGION AND REGIONAL RESEARCH

**Karabaeva Z.M.<sup>1</sup>, Maulen A.B.<sup>2</sup>,**

<sup>1</sup>Cand.of His.Sc., Ablai Khan KazUIRandWL,  
Almaty, Kazakhstane-mail: karabaeva\_zapixan@mail.ru

<sup>2</sup>Master of Soc.Sc.,Ablai Khan KazUIRandWL,  
Almaty, Kazakhstan e-mail: aiganym.maulen1995@gmail.com

This article presents a scientifically significant aspect of regional studies as a science and various methods of its research. The history of regional studies was studied earlier, and a comprehensive study of regional studies as an educational discipline was also conducted.

**Keywords:** regional studies, region, history, regional methods, geography, geosystem, approach, scientific methodology, state, politics, geology, analysis.



ӘӨЖ 327.7: 327  
ҒТАМР 11.25

## АЙМАҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЗЕРТТЕУ

Қарабаева З.М.<sup>1</sup>, Маулен А.Б.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>т.ғ.к., доцент Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: karabaeva\_zarixan@mail.ru

<sup>2</sup>ә.ғ.м., Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: aiganym.maulen1995@gmail.com

Бұл мақала аймақтану пәнінің ғылыми тұрғыдағы маңыздылығы мен аймақтық зерттеулердің сан түрлі әдістерін ұсынады. Аймақ ұғымының тарихына зерттеу жүргізілген. Аймақтануды зерттеудің кешенді сипаттамасы зерделенген.

**Тірек сөздер:** Аймақтану, аймақ, тарих, аймақтық әдістер, география, геосистема, тәсіл, ғылыми әдіснама, мемлекет, саясат, геология, анализ.

Қоғамның дамуы әрқашан да белгілі бір аумақпен байланысты болғандықтан оның дамуындағы аймақтық мәселелерді зерттеу қоғамды зерттеу сияқты үлкен маңызға ие. Аймақтық мәселелерді зерттеу күрделі ұғым: аймақтану ғылымын айтпас бұрын оған жалпылама түсініктеме бере кеткенді жөн көрдік. «Аймақ» деген ұғымдармен, қазіргі заманғы аймақтардың пайда болу тарихы, аймақтану үрдісінің даму кезеңдері, аймақтану және ғаламдану үрдістерімен тығыз байланысы т.б. [1].

Аймақ жалпылама мағынада өлке, облыс, мекен-жай, төңірек, айнала ұғымдарының, геологияда және саяси географияда “регион”, физикалық географияда ел, аудан сөзінің баламасы ретінде қолданылады. Аймақ сөзінің түсіндірмелері көп, ал бірегей ойдан шығатындай анықтама табу өте күрделі.

Аймақтану белгілі бір нақты ғылыми пән емес, оның ғылыми нәтижеге жету үшін, оның өзіндік кешенді әдістері жоқ. Ол ғылым ретінде жалпы ғылыми әдістердің белгілі бір қорын пайдаланады. Аймақ деп көлеміне қарамастан мемлекет ішіндегі белгілі бір аумақ, мемлекет немесе мемлекеттердің орналасқан аумағы аталуы мүмкін. Шетелдік аймақтанушы ғалымдар «аймақ» ұғымын өздерінің көзқарастарымен түсіндіреді. «Аймақ» және «аудан» ұғымдарын айқындаудағы түрлі көзқарастарды қарастыра отырып, америкалық профессорлар П. Джеймс және Дж. Мартин өздерінің күрделі зерттеулерінде «аймақ» ұғымына бірқатар біртектілігімен ерекшеленетін, бірақ нақты шекарасы болмайтын аумақтың біртұтас телімі деген анықтама береді [2].

Аймақтану ғылымының тарихына шолу жасасақ: Орталық пен шеткі аймақтардың арақатынасының қалыптасуының мың жылдық

тарихы бар. «Джун Гуо» терминін еске аларлық болсақ, ол-Қытайдың ана тіліндегі атауының аудармасы «Орталық мемлекет» (саяси нұсқасы- «Орталық империя»). Бұл сұрақтар тек қана Ежелгі Қытайда ғана емес, сонымен қатар Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, ортағасырлық империяларда да қойылып, ой желегінен өткізілген. Осыған сәйкес тұжырымдамаларды ежелгі қытайдың фәлсафалық трактаттарынан, Тацит, Страбон, Н. Макиавели, Ф. Броделя және басқа да авторлардың жұмыстарында кездеседі. Вестфаль бейбіт шарты орнағаннан кейін (1648) және Францияда ұлттық мемлекеттердің құрылуы, Германия және басқа мемлекеттерде «абсолюттік монархиялық билікті» қалпына келтірді [3].

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, аймақтық қатынастар, әлемдік саясатта бірінші орынды маңыздылыққа ие болды. Жаһандық соғыстардың қалыпты әдіспен жүргізілмеуі, осы фактордың ұлғаюымен байланысты болды. Бәрімізге белгілі, атом қаруын пайдаланған соғыста жеңгендер болмайды. Макромодельдеу негізінде: тарих, конфликтология, саяси жаһандану, геосаясаттану, аймақтық құрамдас бөлшектерінің бірнеше негізгі тұжырымдамалары осы сияқты ғылымдардың жетегінде құрылды. Саяси аймақтануды зерттеудің өзіндік амалдары бар: саяси-географиялық, саяси-тарихи, саяси-жүйелік, элитистік. Сонымен қатар басқа да сәйкестендірулер, мысалы, экономика-географиялық, тарихи-әлеуметтік, мәдени-элитистік. Аймақтанушылық мәселелермен сәйкестендіруде бұл мәселе мүлдем басқаша, бұл жерде көрсетілген амалдардың барлығы тармағынада емес, яғни қоғамның өмір сүру қабілеттілігінің бір жағын ғана зерттеуге бағытталған емес, басқа да салалардың арақатынасын талдауға бағытталған (экономикалық, саяси, әлеуметтік). Авторлардың тұжырымдамасы бойынша, орталық аймақтанушылық зерттеулердің ішінде басқа да аймақтық жүйелермен байланысы болуы үшін саяси парадигма болу керек.

Екінші мәселе американдық геосаяси мектебі шеңберінде, оның өкілдері: Р.Страус-Хюпе, Г.Уайджерт, В.Стефансон, Н.Спайкмен, О.Латимер және т.б. бұл амалға сәйкес аймақтардың өзара байланысын территориялық экспансияға негіздемей, аймақтың экономикалық, саяси, идеологиялық факторларына бақылауға негіздейді [4]. Мұндай бақылау орталық мемлекеттік билік тұрғысынан болуы мүмкін, сондай-ақ аймақтық деңгейдің қалыптасуы: біріншіден, негізгі Федерация субъектілерінің географиялық орналасуы, орталық немесе шеткі аймақтарда, екіншіден, негізгі назар мемлекеттегі аймақтардың

экономикалық потенциалы мен саяси маңыздылығының өзара тәуелділігіне аударылады, үшіншіден, аймақтық тенденциялардың экономикалық, географиялық факторлармен тиімді үйлесуімен байланыстырады.

Жүйелі анализ шеңберінде, кез келген аймақты жүйелі элементті, жүйелі функцияналды, жүйелі интегративті, жүйелі тарихи позициясы тұрғысынан қарастыруға болады. Синергетика (грекше *synergeia*-қауымдастық, одақ), ол әлеуметтік, биологиялық, техникалық және басқа да әртүрлі саладағы жүйелі үрдістердің қалыптасуын зерттейді. Әскери коалициялар мен ұйымдар (мысалы, НАТО т.б) бұл одаққа кірмейтін мемлекеттерге қарағанда тиімді әрекетке қабілетті ұйымдар. Еуропалық Одақ жаһандық саяси кеңістікте маңызды, басты ұйымдардың бірі [5].

Аймақтық зерттеу әр түрлі салаларда жүргізіледі, «әдіс» (грекше «жол арасынан») Термин сөз барысында жүйеленген жолда белгілі бір мақсатқа жету үшін, тапсырманы орындау үшін, ақиқатқа жетудің тәсілі ретінде түсіндіріледі. Кез келген ғылыми зерттеу-белгілі бір нәтижені алу, нақты бір ғылыми тапсырманың шешімін табуды көздейді.

Аймақтық процесті зерттеу барысында геосистема деңгейін екіге бөлеміз жоғары және төменгі: бірінші категорияға жататыны жоғары ұлттық қалыптасулар, егеменді елдер, екінші категорияға аймақтық бірыңғайлық, оның құрамына енетін муниципалдық қалыптасу. Егер аймақ Федерацияның біріккен бірнеше субъектілері ретінде қарастырылса, геосаяси құрылымда тағы бір жүйені бөлуге болады: трансаймақтық қалыптасу-мемлекет-аймақ-Федерацияның субъектісі-муниципалды қалыптасу.

Аймақтануды зерттеудің ерекше маңыздылығын атап өтетін болсақ, оның басты міндеті әртүрлі дәрежедегі аймақтардың тұтастай, кешенді сипаттамасын жасау. Оны жасауда негізінен философия, математика, логика, тарих, география, әлеуметтану, саясаттану сияқты ғылымдардың әдісін қолданады. Осылардың барлығын топтастырып, аймақтану кешенді, барлық ғылымды қамтитын өзіндік зерттеу әдісін қалыптастырады. Аймақтануды қамтитын жаңа білімдерді алу үшін, негізінен қоғамдық әдістерді қолданады. Аймақтану басқа ғылымдармен байланысу арқылы ғылыми арнайы тұжырымдық база қалыптастырады. Аймақтану әдістері - аймақтану ғылым ретінде жалпы ғылыми әдістердің белгілі бір қорын пайдаланады.

Жалпы философиялық әдісте аймақтық мәселелерді қарастырғанда диалектикалық негізгі заңдар мен категориялар,

сандық, сапалық, құрамдық, қарама-қайшылық қатынастарды сипаттайды. Жалпы философиялық мәселелер шеңберінде, идеалистік, материалистік, дуалистік принциптерді қолдану аймақтық шынайылылықты көрсетеді. *Тарихи тәсіл* саяси құбылыстарды мерзімі жағынан дәйекті, заманына қарай, бұрынғы, қазіргі және болашақтың байланысын айқындай отырып қарастырады. Ол әр түрлі саяси оқиғаларды, процестерді, деректерді олардың болған уақыт мезгілін еске ала танып-білуді талап етеді.

Тарихи әдісте аймақтық құрылым мен аймақтың эволюциялық қалыптасуы, дамуы, гүлденуі, деградация, құрдымға кетуін қарастырады.

Жалпы ғылыми әдісте формальді логиканың категориялары мен заңдарын қолдану, мағыналы операциялар мен тұжырымдамалар, индуктивті және дедуктивті әдістерді талдаумен сипатталады. Оған жататындар жүйелік, құрылымдық-функционалдық, синергетикалық анализ, модельдеу әдісі, модельдеудің болжамдарын құру.

Жекеменшік-ғылыми әдіске аймақтануда қолданылатын қоғамтану әдістерін жатқызсақ болады-статистикалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, заңгерлік, географиялық әдістер осының барлығы аймақтануға қатысты құрылысты, көріністі сипаттайды. Зерттеу әдістерін түрлендіруде ол әлеуметтік зерттеу әдісімен сипаттайды [6]. Оған: ақпаратты жинау әдісі, берілген ақпаратты талдап, қайта өңдеу әдісі болып екіге бөлінеді. Ақпаратты жинау әдісіне: бақылау, сұраныс жүргізу, құжаттарды талдау, эксперимент жүргізу, ал берілген ақпаратты талдап, қайта өңдеу әдісіне: факторлы, құрылымдық, корреляциялық, регрессивтік, дисперсионды талдау, индекстеу т.б. жатады.

Көрсетілген зерттеу әдісінде, ресейлік және шетелдік оқу құралдарындағы зерттеу әдісін қайталайды, тәжірибе тұрғысынан әлеуметтік әдістер қолданылмаған. Ақпаратты жинау әдісі, көрсетілген талдау фрагменттеріндегі, барлық қоғамдық әдістер қолданылған, ал эксперимент нақты ғылымдарға негізделеді. Әлеуметтануда жалпы қоғамдық әдіс және қоғамтану әдістері жалпы қолданыста, осының барлығы автордың пайымдауынша аймақтану әдістеріне жатады. Талдау фрагменттерінде көрсетілген берілген талдауды қайта өңдеу әдісі, таза әлеуметтік әдіске жатпайды. Негізі математикалық статистикаға және жалпы барлық ғылымдарға негізделген. Ол әлеуметтік теорияда қолданылатын жалпы қоғамдық әдіске жатады. Идеогеографиялық әдіс пәннің белгілі бір жақтарын зерттеуге бағытталған, мәдениеттану,

саясаттану, тарих ғылымында кеңінен қолданылады. Осындай қателік көбінесе аймақтанудың базалық әдістемесін жасағанда жіберіледі. Мысалы, Невский тіл және мәдениет институтының бағдарламасы аймақтану бойынша, сандық және сапалық әдіс пен әдістемесін ұсынады. Салыстырмалы-географиялық әдіс, статистикалық әдіс, циклдер әдісі, аймақтың аралас салалық балансының әдістемесі, моделдеу әдісі, мақсат-бағдарламалық әдіс, картографиялық әдіс, географиялық-зоналық әдіс, аймақтанудағы әр түрлі зона бойынша қолданылатын әдістер. Мемлекеттік стандартқа сай бағдарламада «аймақтанудың әдістері» категориясында осыған сәйкес көрсетілген әдістер «аймақтану бакалаврына» сәйкес көрсетілген. Тек аймақтануға қатысты жалғыз әдіс, аймақтық кеңістіктің құрылымына және аймақтану білімін сипаттайтын комплексті, синтетикалық әдіс жатады. Ал қалғандары басқа пәндерге сай жалпы ғылыми, қоғамтану әдістері, аймақтануда қолданылатыны сапалық және сандық әдістер. Аймақтық кеңістіктің құрылуына және аймақты оқып үйренуге кешенді мінездеме қалыптастыру үшін өмірлік қажетті параметрлер керек. Осыған сәйкес әр түрлі салыстырмалы әдістер көрсетілуі керек. Ол пәннің ұқсастығы мен айырмашылығын белгілеу үшін қолданылады. Географияда бұл кешен - салыстырмалы географиялық әдіс, ол саяси-географиялық, экономикалық-географиялық, физикалық-географиялық болып жіктеледі. Әр ғылымның зерттеу әдісінде статистикалық әдісті негізге алады [7]. Бірінші орташа көлемдегі анықтамасы, дисперсионды талдау әдісі. Корреляциялық және регрессивті талдау әдісі белгілі бір факторлар арасындағы байланыс үлесін, зерттелетін пәннің факторлары арасындағы өзгерісін анықтауға көмектеседі. Зерттелетін пәннің құрылымын көрсетуге, латентті факторлармен жұмыс жасауға факторлы және кластер әдісі көмектеседі. Статистикалық әдістің тағы бір тобы, балансты, мысалы баланс құнын есептеу үшін Леонтьев теңдеуі қолданылады. Аймақтық деңгей бойынша толқынды динамикалық өзгермелі процесстерді анықтау үшін циклдік әдіс қолданылады. Жүргізілетін аймақтық зерттеу қолданбалы және теориялық болуы мүмкін. Ол келесі кезектегі ғылыми білімді жинақтау үшін: осыған сәйкес зерттеулер жүргізіледі, ғылыми зерттеудің жұмыскерлік гипотезасы, эмпирикалық материалдарды жинақтау және өңдеу, қорытынды ғылыми баяндама құру және алынған мәліметтерді талдауды керек етеді. Қазір кезеңде аймақтану ғылымы әдіснамасының негізгі ұғымдарын, анықтамаларын, ұқсастықтарын салыстыру: контент-талдау, жүйелі талдау, факторлық, жаһандық

талдаулар мен case-study, бинарлы, аймақтық, кросс-темпораль салыстырулар арқылы жүзеге асырылады.

### ӘДЕБИЕТ

- 1 Чистобаев А. И. Регионоведение. Учебник для академического бакалавриата. - М., 2016. – С. 122-126.
- 2 Воскресенский А.Д, Колдунова Е.В, Киреева А.А. Мировое комплексное регионоведение. - М., 2018. – С. 96-98.
- 3 Дергачев В. А. Регионоведение: учебник. - М., 2012. – 519 с.
- 4 Кочергин И.В. Регионоведение. Китай. - М.: Восточная книга., 2018. - С. 6-7.
- 5 Регионоведение / под ред. Морозовой Т.Г. - М., 1998. – С. 67-69.
- 6 Региональная экономика. - М., 1995. – С. 90-93.
- 7 Баригин И.Н. Регионоведение. - М., 2007. – С. 78-80.

### РЕГИОН И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

**Карабаева З.М.<sup>1</sup>, Маулен А.Б.<sup>2</sup>,**

<sup>1</sup>к.и.н., КазУМОиМЯ им. Абылай хана,  
Алматы, Казахстан e-mail: karabaeva\_zapixan@mail.ru

<sup>2</sup>м.соц.н., КазУМОиМЯ им. Абылай хана,  
Алматы, Казахстан e-mail: aiganym.maulen1995@gmail.com

В данной статье представлен научно значимый аспект регионоведения как научного направления и различных методов его исследования. История регионоведения была изучена ранее, и кратко представлена в статье, где было проведено комплексное исследование регионоведения как учебной дисциплины.

**Ключевые слова:** регионоведение, регион, история, региональные методы, география, геосистема, подход, научная методология, государство, политика, геология, анализ.

*Статья поступила 12.09.2019*

### Z.FREUD: THE HUMAN PSYCHOLOGY

**Nagaibaeva Z.A.<sup>1</sup>, Tursunbaeva S.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>candidate of sociological science, associate professor,  
S. Asfendiyarov National Medical University

<sup>2</sup>MA of philosophy, senior teacher<sup>2</sup>  
S. Asfendiyarov National Medical University  
Almaty, Kazakhstan, saltanka80@mail.ru

One of the tasks raised by the First President of Kazakhstan is the study of Western literature translated into Kazakh. It helps students get acquainted with world classical literary works and develop a critical philosophical approach to them, help students analyze their own self-esteem and self-discipline, develop their scientific and research abilities, increase their intellectual and creative potential.

This article was written after reading from the original work of Z. Freud under the title “Three Essays on Sexual Thought” and “Famous Cases from Practice” from Remy Hess’s book on “25 Best Books of Philosophy”.

Different schools of psychology have a different understanding of the nature of



man, this is due to psychological research and the principles established in the study. In the article, these observations provide an investigation of Freud's psychoanalytic theory.

**Key words:** “ID” (O), “EGO” (I), “SUPER-EGO” (Super I), sublimation, compensation.

ӘӨЖ 234: 11

ҒТАМП12.11:29

### 3. ФРЕЙД: АДАМ ПСИХОЛОГИЯСЫ

**Нагайбаева З.А.<sup>1</sup>, Турсунбаева С.Д.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> әлеум.ғ.кандидаты, доцент, С.Ж. Асфендияров атындағы

Ұлттық медицина университеті

<sup>2</sup> философия магистрі, аға оқытушы

С.Ж. Асфендияров атындағы

Ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Бүгінгі таңда Тұңғыш Елбасы көтерген мәселенің бірі батыс әдебиеттерін қазақша нұсқада аударылған жаңа оқулықтармен оқыту студенттер қауымына әлемдік классикалық әдеби шығармалармен танысуға және оларға философиялық тұрғыдан сыни көзқарас қалыптастыруға, студенттердің өзіндік талдау және өзін адамгершілік тұрғысынан реттеу дағдыларының қалыптасуына, ғылыми-ізденістік қабілетінің дамуына, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетінің артуына ықпал етеді. Мақалада Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабындағы» 294 бетте «Сексуалдық теория туралы үш эссе» З. Фрейдтің шығармашылығына арналған тарауын оқып шығу және З.Фрейдтің «Знаменитые случаи из практики» еңбегінен үзінді қарастыру арқылы жазылды. Сондықтан мақала түпнұсқамен жұмыс жасай отырып жазылған шығарма.

Психологияның әртүрлі мектептерінде тұлға табиғаты әртүрлі түсініледі, оның себебі, оны психологияның пәні ретінде анықтаумен, психологиялық зерттеулерге деген қатынаспен, зерттеулерде қалыптасқан принциптермен байланысты болды. Мақалада осы бақылаулар психоаналитикалық фрейдистік теория туралы зерттеу жазылған.

**Тірек сөздер:** «ИД» (Ол), «ЭГО» (Мен), «СУПЕР-ЭГО» (Меннен жоғары), сублимация, компенсация.

Зигмунд Фрейд – психоанализдің негізін қалаған психолог. Ол ХХ ғасырда қарқынды түрде дамыған медицина, әлеуметтану, антропология, әдебиет және өнер саласына көп үлес қосқан. Оның теорияларына деген қызығушылық әлі күнге дейін толастаған емес. Адам көп жағдайда өз қылықтарының себептерін, мотивтерін білмейді және өзінің бойындағы кейбір ілімдерді, естеліктерді жоққа шығарады, бірақ оларды гипноз әсерінде көрсете алады.

З.Фрейд өзінің ғылымдағы жолын физиологиялық институтта бастады, сондықтан ағзаға энергетикалық шама ретінде қарау оның санасына терең бойлады: ағза мінез-құлықтың қозғалыс күшін ерекше энергия түрінде білдіреді. З.Фрейд невропатолог-дәрігер болды. Оның пациенттері психикалық-жүйке ауруларына шалдыққандар еді. Бірақ

олардың жүйке жүйесінің құрылысынан аурудың себебін түсіну болмады. Ол өз тәжірибесінде, анатомио-физиологиялық ұғымдар түсіндірмейтін, айғақтарды жиі кездестірді. З.Фрейд алдында мынандай дилемма болды: мотивация механизмдерін анатомио-физиологиялық схема тұрғысынан қарау керек пе, әлде белгілі бір психологиялық айғақтарға жүгіну керек пе ?

З.Фрейд дәстүрлі психологияға қарсы шықты. Бұрынғы түсініктеме схемаларын ығыстырып, жаңаларын ұсынды. Ол өзінің емдеу тәжірибесінде ерікті ассоциациялар әдісін кең қолданды. Әрбір ассоциация қандайда бір себептің салдарынан басталады деп санады. Ассоциация арқылы ол өзінің пациенттерінің ойын білуге тырысты

Психиатрлар мен невропатологтардың көптеген бақылаулары адам – XIX ғасырдағы психология бейнелегендей, интеллектуалдандырылған тіршілік иесі емес екенін көрсетті. Олардың бақылаулары, адамның психикалық өмірі аффектілер мен эмоцияларға, қызығушылықтар мен құмарлықтарға, бір-біріне қарама-қайшы, кейде адамның қабылдауы мен ойлауын басқаша көрсететін, ұмтылыстар мен тілектерге толы екенін көрсетті.

З.Фрейд ұғымдарының өзегі болып метаморфозалар идеясы қалыптасты. З.Фрейдтің сәбидің жыныстық дамуы және эдипов комплексінің теориясы баламалар мен талқылауларға негізделіп жасалған, сондықтан да ғылымды емес, мифологияны білдіреді [1, 256.].

З.Фрейд тұлға туралы психологиялық ілімге маңызды ықпал еткен, басқа модельді ұсынды. Онда тұлға 3 компоненттен тұрады және олар терминдермен белгіленеді деп тұжырымдалған: «ИД» (ол), «ЭГО» (мен) және «СУПЕР-ЭГО» (меннен жоғары). ИД – инстинктерді тасымалдаушы: ол санадан тыс және иррационалды бола тұрып, рахаттану ұстанымына бағынады.

ЭГО – шынайылық ұстанымына бағынады, сыртқы әлемнің ерекшеліктерін, оның қасиеттері мен қатынастарын ескереді. СУПЕР-ЭГО – рухани стандарттарды тасымалдаушы. Бұл сыншы және цензор рөлін атқаратын тұлға бөлігі.

Егер ЭГО ИД-қа тиімді, ал СУПЕР-ЭГО-ға қарсы әрекет жасаса немесе шешім қабылдаса, ол өзін кінәлі сезініп, ұялып, өзін-өзі жазалайды. ЭГО-ға қоятын әртүрлі инстанциялардың –ИД және СУПЕР-ЭГО талаптары ұқсамайтындықтан ол үнемі келіспеушілікте болады. Мұндай жағдай төзгісіз күштеу тудырады.

Бүл күштеуден ЭГО арнайы «қорғаныс механизмдері» - ығыстыру, сублимация және т.б. арқылы құтылады.

*Ығыстыру дегеніміз* – тұлға қабылдамайтын, белсенді құбылыстарды жою. *Сублимация* – тиым салынған қуаттың басқа әрекет түрінде шығу механизмі.

Психоанализдің негізгі дәрежесі болып мотив дәрежесі саналады. Психоанализ адамның мінез-құлқының серіппелері мен қуат қоры туралы адамның өзі жайлы ұғымдарынан көбірек айтуға тырысты. Бірақ З.Фрейд мотивацияны санаға қарсы қойды.

З.Фрейдтегі психикалық қуаттылық биологиялықталмастырды және қоғамдық дамудың басты қозғаушы күшінің рөлін атқарды. Ағза да, қоғам да пішінделетін материал түрінде қарастырылды.

З. Фрейд жеке тұлғаның дамуының әртүрлі міндеттерін жүзеге асыратын кезеңдерін бөліп және анықтай отырып жеке тұлғаның даму теориясын тұжырымдады, және даму дағдарыстарын сипаттады; психолог бұл дағдарыстардың мазмұнымен жұмыс жасай отырып адамға интенционалдылыққа жетуге көмектеседі.

Эмоционалды және мінез-құлықты стереотиптерді тану үшін жеке тұлғаның қорғаныс механизмдерін оқи отырып жүзеге асыруға болады. Психоаналитикалық консультация клиент мәселесінің бастауын тануын ортаға қояды. Инсайт, саналы түрде түсіну тұлғалық өзгерістердің басталуына жиі жеткілікті болады.

Тұлғалық қақтығысты З. Фрейд Ол (Оно), Мен (Я), және Жоғары-Мен (Сверх-Я). Қазіргі теориялар модификациясында психолог міндеті Мен көмегі мен белгілі қарсылықсыз Ол мен Жоғары-Мен арасында қатынасты адам табуы керек. Ол – санадан тыс облысы. Жоғары-Мен — әлеуметтену үрдісінде алған тұлға қасиеттері. Мен Жоғары-Мен мен Олардың арасындағы сілтеуші. Әлді Мен Ол мен Жоғары-Мен арасындағы қатынасты жасаушы – интенционалдылыққа жетудің маңызды шарты.

Меннің негізгі міндеті адамға әсер ететін сыртқы (әлеуметтік) күштер мен ішкі (санасыз) арасындағы балансты сақтау болып табылса, онда психолог үнемі тұлғаның өзін қорғайтын механизмдерімен жұмыс жасайды.

Ол сананы мүлде адам өзін қоршаған айналаны түсінеді, өзінің «мен» екенін пайымдайды. Сондай-ақ ол тағы да екі түрлі сана құрылымын мойындайды: бірі – «шектен тыс мен» және санасыздықтың микродүниесі. Санасыздық пен саналылық бірге жүреді, айырмашылығы жарық пен қараңғылық секілді. З.Фрейдше, біздің білмейтініміз бұлыңғыр, күңгірт сана, бірақ оны анықтауға, айқындауға болады. Санасыздық дегеніміз жаттандыға айналдырылған, дағдыланған, автоматтандырылған сана. Оған кейбір ойланбай-ақ атқаратын әрекеттер жатады. мәселен, жаңылыс,

не абайсыз айтылған сөз, байқамай істелген іс, не көрген түс, т.б. Санасыздықтың ең жоғары түрі – шығармашылық, кенеттен келген ой, интуиция, инстинкт, т.б. Сөйтіп З.Фрейд классикалық философия көтермеген, олардан қалтарыс қалған мәселелерді қозғайды.

3. Фрейд еңбектерінің бірнешеуін талқылай кетсек, «Зигмунд Фрейд: Знаменитые случаи из практики» атты еңбегінде Фрейдпен байланысты алты ең танымал терапевтік жағдайлардың сипаттамалары келтірілген. Өмірдің күрделі жағдайлары мен науқастарды емдеу курсының жаңа ғылымның авторы түсіндіргені және осы күнге дейін психоанализ негіздерін зерделеудің ажырамас құралы ретінде қызмет етеді.

Ал «Психоанализге кіріспе» еңбегі Зигмунд Фрейдтің 1915-1917 және 1930 жылдардағы оқыған дәрістердің жинағы. Бұл өз шығармалар сериясында ерекше орын алады. Онда Фрейдтің тұжырымдамасы негізделеді: психоанализдің теориялық принциптері мен әдістерінің сипаттамасы, психоаналитикалық зерттеулер нәтижесінде алынған мәліметтерді интерпретациялау жолдары, психоаналитикалық теориясының невроздар мен жеке басының жалпы принциптерін анықтайды [2, 45 б.].

1900 жылы «Түс жору» кітабы жарық көрді. Оны З.Фрейд өзінің басты еңбегі санады. Кітапта түстегі бейнелердің қалыптасу тәсілдері: олардың кешенді қабаттасуы, тұтас бейненің бөлшек бейнемен алмасуы, кейіптеу және т.с.с. сипатталды. Осының барысында ол барлық адамдар үшін бірдей мәнге ие символдар бар деп санады. Мұндай символдар ретінде ұшу, құлау, суды, үшкін заттарды, тістің түсуін көру қарастырылды. Тәуелсіз авторлардың бұл қағиданы тексеруі мұндай тұжырымды растамады. Фрейд түс көрудегі бейнелерді эмоционалды сезім күйлерінің деңгейлері ретінде түсіндірді. Олардың туындау көздері күндізгі қалыптан тыс сезім күйлерінде, қызығушылықтарында, қорқыныш күйлері мен санадан тыс әрекеттерінде жасырылған. Олар өздері туралы ерекше символдық тілде сөйлейді. Фрейд олардың сөздік қоры мен оның құрылу тәсілін қалпына келтіруге тырысты. Фрейдтің есептеуінше, түс көру қаншалықты бос көріністер болғанымен, оның «сценарийі» – бұл түстің бейне-белгілері арқылы қанағаттандырылатын түпкі тілек-қалаулар коды. Бұл болжамына өзі таңырқаған З.Фрейд оның тіпті қандай жағдайда туындағанын да есіне сақтап қалады. Бұл 1895 жылдың 24 шілдесіндегі кешқұрым мезгіл, бейсенбіде, веналық мейрамханалардың бірінің солтүстік-шығыс бұрышында еді. Бұл жөнінен З.Фрейд бірде: «осы жерде дәрігер Фрейд түс көру құпиясын ашты» деген жазуы бар тақтай іліп қойса да болады», – деп әзілдей айтқан екен.

1901 жылы оның «Күнделікті тұрмыс психопатологиясы» кітабы жарық көрді, мұнда ол түрлі бұрыс әрекеттерді түсіндірді: есімдерді ұмыту, сөзден таю, санадан тыс уәждердің көрінуі. Фрейд бойынша, мұның себептерін санадан тыс импульстерден, шұғылданатын әрекеттерінен іздеген жөн.

3. Фрейд шығармашылығының соңғы кезеңінде оның «Бұқара психологиясы және «Мен» талдауы» (1921), «Мен және Ол» (1923) еңбектері жарық көрді. Бұл кітаптарында оның адамның жеке тұлғасының құрылымына деген көзқарастарының өзгергендігін көреміз.

